

УДК 81`4

ЭМОЦИЯЛАРДЫҢ ТІЛДЕ СИПАТТАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ідіріс М.К

monti_9701@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Кенжетаева Гулзира Кабаевна

Эмоцияның тұлғааралық қарым-қатынастағы адам өмірінде алатын орныерекше. Адам өмірінің эмоционалды жағы белсенділіктің барлық түрлері және көріністерімен тығыз байланысты. Эмоция арқылы адамның қоршаған орта құбылыстарына деген қатынасы көрініс табады.

Тілдік құралдар жүйесі адамға кез-келген эмоцияны жанама немесе тікелей түрде білдіруге мүмкіндік береді. Бұл шынайы өмірде эмоциялар тек тіл арқылы көрінеді дегенді білдірмейді. Ю.Д.Апресян эмоциялардың тілдегі дамуының келесі белгілерін ажыратады:эмоцияның ең біріншібелгісі–«заттардың белгілі бір жағдайын физикалық қабылдау немесе менталды пайымдау. Бізді ашуландыратын нәрсе –біз тікелей қабылдаған немесе қабылдайтын нәрсе » [1, 50-65].

Ю.Д.Апресянныңікірінше эмоцияның тағы да бір тікелей себебі – субъект үшін күткен немесе күтпеген, қажетті немесе қажет емес заттар жағдайын интеллектуалды бағалау болып табылады [1, 75]. Жағымды эмоциялардың ерекшелігі белгілі бір жағдайды зерделі бағалау болып табылады. Жалпы, эмоциялар жағымды және жағымсыз болып бөлінетіні белгілі. Мысалы, қандай да бір оқиғаларды біз күтеміз, сондықтан біз жағымды эмоция білдіреміз. Жағымсыз эмоциялардың пайда болу себебі–біздің қандай да бір оқиғаларды теріс бағалауымыз. Эмоциялар туындағанда адамның өз тарапынан беретін бағасы маңызды рөл атқаратынын атап өту қажет.

Эмоциялар немесе адамның сезім күйі адам қабылдаған немесе ойлаған заттардың жағдайына байланысты. Жағымды немесе жағымсыз жағдайлар бір-бірінен ерекшеленеді. Өшпенділік жағдайында адам жағымсыз немесе теріс сезімді сезінеді, ал қорқыныш жағдайында – басқаша, мұңаю кезінде – үшінші басқа бір сезімді білдіреді.

Ю. Д. Апресянның пікірінше, эмоциялардың сыртқы көрінісі екі негізгі формаға ие:

а) дененің бағынбайтын физиологиялық реакциялары

ә) адамның болған жағдайға бағынатын қимыл және сөйлеу реакциялары.

А. А. Уфимцева «Слово в лексико-семантической системе языка» деген еңбегінде «тілде және оның эмоциялық-аффективтік құралдарында өз түсінігін эмотивтік мәндердің, эмоционалдық-ерік әсерінің мағыналық ерекшеліктерін және жанрлық-стистикалық дифференциялардың барлық алуан түрлілігі арқылы табады» – деген пікір айтады [2, 34].

Лингвистикада тіл деңгейлерінің барлық бірліктері эмоцияларды білдіру үшін қолданылады. Эмоциялар тілдік жүйенің фонетикалықтан синтаксистік ерекшелігіне дейін қарастырылады, оларды тек лексикалық деңгеймен ғана шектеуге болмайды. Эмоцияның фонетикалық тұрғыдан қарастыру кезінде, көптеген зерттеушілер, мысалы, А.А. Реформатский «Введение в языкознание» [3, 239], Д. Н. Шмелев «Проблемы семантического анализа лексики» еңбектерінде [4, 245] бірінші кезекте интонация, күйзеліс, ұғымдарын атап өтеді. Бұл фонетикалық сипаттамалар просодия ұғымына біріктіріледі (гр. *prosōdia* – стресс, қайырма өлең немесе өлең тіркесі). Бұл сипаттамалар тек дыбысты сөйлеуде анықталуы мүмкін екенін атап өтуіміз қажет. Кез келген тілде олар тек осы тілге тән құралдар жүйесін құрайды және осының нәтижесінде эмоциялар айқын және түсінікті болуы мүмкін.

Сөйлеуші адамның эмоционалдық жағдайы сөйлеудің синтаксистік ерекшеліктеріне де өзіндік із салады. Пікірдің синтаксистік ерекшелігінің эмоцияларын білдірудің барлық жағдайлары келесі мәселелерді тудыруы мүмкін:

1) тілдерде қабылданған сөз тәртібін өзгерту;

2) грамматикалық тұрғыдан аяқталмаған сөйлемдер санының өсуі;

3) мәтінді өрістетуге тізбегін үзу;

4) грамматикалық келісімнің бұзылуы, тіпті *фрустрация* жағдайында сөйлеудің грамматикалық тұрғыдан толығымен дұрыс құрылмауы (латын тілінен *frustratio* – алдау, сәтсіздік деген мағынаны білдіреді, фрустрация – психологиялық жағдай, адам үшін қандай да бір маңызды мақсаттарды, қажеттіліктерді жүзеге асыра алмаған жағдайында пайда болатын түңілу, көңілі қалу жағдайы) [5, 579].

Сөйлемнің грамматикалық құрылымының ерекшеліктері туралы қызықты мәліметтер Э.Л. Носенконың «Особенности речи в эмоциональной напряженности» атты монографиясында берілген. Автор эмоционалдық шиеленіс жағдайына тән сөйлеудің келесі синтаксистік ерекшеліктерін айқындайды:

«...1) сөйлемдердің синтаксистік күрделілігінің азайуы;

2) грамматикалық аяқталмаған сөйлемдердің көп қолданылуы;

3) сөйлеуші арқылы түзетілмейтін тілдік бірліктерде грамматикалық қателерінің өсуі» [6, 67].

Соңғы жылдары эмоциялардың берілуі тілдік көрініс ретінде қарастырылатын жұмыстар пайда болуда, мысалы, В.И. Шаховскийдің жұмыстарында. Автор тілдік қарым-қатынас зерттеулеріндегі эмоционалдылық факторларын, тілдік сананың экспрессивті сипаттамаларын есепке алу қажеттілігін атап көрсетеді. Лингвистикалық зерттеулерде біз «сөзді» қоршаған ортаны тану және коммуникация құралы ретінде оқимыз. Тіл, сондай-ақ оның сезімдері мен эмоциялары адамның пікір мен жағдайға, жеке, субъективті көзқарасын білдірудің құралы болып табылатынын атап өту қажет. Тіл тындаушыға эмоционалдық әсер ету құралы болып табылады.

Эмоцияны білдірудің лексикалық құралдарын қарастыра отырып, төмендегідей сұрақтар туындайды:

1) Тілдегі эмоционалдылық дегеніміз не?

2) Қандай лексика эмоционалды лексика болып саналады?

Эмоциялық лексика терминіне көптеген авторлар әр түрлі анықтама беруде. Көптеген адамдар «эмоциялық» және «экспрессивті» ұғымдарының мазмұндары арасындағы айқын айырмашылықты айқын көрсете бермейді. Бұл екі ұғымдар, көп жағдайда, синонимдер ретінде қолданылып жүр. Сонымен, экспрессивті лексика және эмоционалды лексика дегеніміз не? Бұл Л.Л. Нелюбиннің түсіндірмелі сөздігінде берілген анықтама бойынша, экспрессивті лексика – мейірім, қалжың, келемеждеу, жақтырмау, әдепсіздік және т. б. сезімдерді білдіретін сөздер [7, 256].

Эмоционалды лексика дегеніміз «1) эмоциялық бояуды тілдік құралдары арқылы білдіретін сөздер 2) анайы сөздер; 3) одағай сөздер; 4) сезімдерді, көңіл-күйді, уайымды білдіретін немесе эмоционалды баға беру құралының белгісі болып табылатын сөздер» [7, 257]. Бұл терминдердің қатаң түрде ажыратылуы үшін Е. М. Галкина-Федорук та өз ойын білдірді. Ол екі ұғымды нақты ажырату керектігін айтады: эмоционалдылық және экспрессивтілік. «Эмоционалды ұғымдар сезімдерді білдіру үшін, ал экспрессивтілік – эмоцияларды білдіруде, сондай-ақ ой білдіруде мәнерлілікті күшейту үшін қызмет етеді» [8, 121]. Оның пікірінше, тілдегі эмоциялардың берілуі әрқашан экспрессивті, бірақ экспрессия әрқашан эмоционалды болмауы мүмкін. Е. М. Галкина-Федорук «Современный русский язык» деген еңбегінде эмоционалды лексикаға келесідей анықтамалар береді: 1) сөйлеушінің өзі немесе басқа адам арқылы жеткізілген сезімдерді білдіретін сөздер; 2) лексиканың барлық құрамының жағымды және жағымсыз жақтарынан алынған затты, пәнді сипаттайтын бағалау-сөздер; 3) аталған нәрсеге эмоционалды қарым-қатынас лексикалық түрде емес, грамматикалық түрде, яғни ерекше жұрнақтар мен префикстер арқылы көрінетін сөздер» [8, 136].

Е. М. Галкина-Федорук пікірінше эмоциялық бояу бойынша «балағат және дөрекі сөздерді» атап өтуге болады [8, 136]. Ол сөздің эмоционалдығын оның стилистикалық сипаттамаларымен байланыстырады.

Жоғарыда келтірілген пікірлерді талдай келе, біз Л. Л. Нелюбин пікірімен келісеміз. Себебі, біріншіден автор өз ойын нақты түрде жеткізе білген, екіншіден, білетініміздей экспрессивтілік барлық сөздерде көріне бермейді, яғни мейірім, келемеждеу, жақтырмау сынды күйлерімізді білдіру кезінде біз экспрессивті лексиканы қолданамыз, және оны жеткізу эмоционалды лексикаға қарағанда сәл күрделірек. Ал эмоционалды лексика көп жағдайда, жеңіл әрі тез білдіріледі.

Қазақ тіл білімінде тілдің экспрессивті-эмоционалды көркемдеу тәсілін жан-жақты қарастыру мәселесі бойынша лексикология, фразеология, семасиология мәселелерімен байланысты І. Кеңесбаев, Ә. Болғанбайұлы, Ғ. Қалиев, М. Оразов т.б., ауызекі сөйлеу тілі материалдары бойынша Ш. Нұрғожина, сөзжасам, семантика, фоносемантика мәселелері қатысты Б. Жөнкешов, салғастырмалы тұрғыда З. Ибальдина диалектілік лексика негізінде, М. Атабаева және экспрессивтік стилистика бағытында С. Қоянбекова т.б. еңбектерде қарастырылып жүр. Эмоция мен экспрессияның айрықша көрінетін тұсы – фразеологиялық тіркестер, оларды фразеологиялық зерттеулердегі жүйе бойынша: *жағымды* эмоциялы фразеологизм деп, *жағымсыз* эмоция білдіретін фразеологизмдер, *бейтарап* мәнді фразеологизмдер деп бөлуге болады [9, 111], а) жағымды эмоциялы диалектілік фразеологизмдер.

Қазақстандық ғалым Х. Нұрмұқановтың пікірінше, эмоционалды мәнді сөздер қатарына заттық-логикалық, экспрессивті мәнді сөздер, яғни, тамаша, жалмауыз, озбыр, ант ұрған, арам тамақ сияқты сөздер мен сөз тіркестерін, фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер және одағай сөздер жатқызылса, бойында эмоция элементі бар өзге сөздер мен сөз тіркестерін эмоционалды реңкті деп танылады [10, 48].

С. Төлекова «Қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер» деп аталатын жұмысында алғыс пен қарғыс адам эмоциясының сыртқа көрінуінің бірден-бір белгісі екенін айтады [11, 96].

Қорыта айтсақ, тілдердегі эмоциялық құбылыстардың көрінісі қазіргі тіл білімінің аса маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Біріншіден, эмоциялар адам психикасының

феномені ретінде өте маңызды және осыған байланысты олардың тілдік репрезентациясы да жүйелі. Тілдің кез келген эмоционалдық құралы адамды сезім мен уайымның күрделі әлеміне енгізеді. Екіншіден, тілдің эмоционалдығын зерттеудің өзі лингвистиканың түрлі әдістері мен әртүрлі салаларында жүзеге асырылады, сол арқылы шекаралық объект бола отырып, тілдік эмоционалдық тең дәрежеде жалпы тіл білімі мен психолингвистиканың саласына жатады. Тілдегі эмоционалды сөздер адамның әр алуан сезімін білдіру үшін қызмет етеді, ол тіл иесі этностың таным табиғатымен, рухани мәдениетімен сабақтасып жатады. Және де эмоция арқылы көрсетілетін әсерлеу, айтпақшы ойын көріктендіріп жеткізу сияқты адам күйлері арқылы ұлт психологиясы мен мінез-құлқының қырлары көрінеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Апресян Ю.Д. Образ человека по данным языка: попытка системного описания // Вопросы языкознания – 1995. – № 1. – С. 37-65.
2. Уфимцева А.А. Слово в лексико-семантической системе языка. – М.: УРСС.– 1968. – 286 с.
3. Реформатский А.А. Введение в языкознание. – М.: Аспект пресс. –1955. –536 с.
4. Шмелев Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики. – М.: УРСС.– 1973. – 278 с.
5. БЭС в 2 – х т./ Гл. ред. А.М. Прохоров. – М.: Сов. Энциклопедия. Т. 2. – 1991. – 863с.
6. Носенко Э.Л. Особенности речи в эмоциональной напряженности. –Днепропетровск: ДГУ. –1975. – 179 с.
7. Нелюбин Л.Л. Толковый переводоведческий словарь 3-е изд. – М.: Флинта: Наука. – 2003. –320 с.
8. Галкина-Федорук Е.М. Современный русский язык. – М.: Высшая школа. – 1954. – 336с.
9. Словарь оязыкознанию. – Алматы: Ғылым, 1998.-544 с.
10. Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. Алматы: Ғылым, 1987, -288б.
11. Төлекова С. Қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнде фразеологизмдер. А.,2001.